

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

## Үш бәйтерегімізге 130 жыл

ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.07.2024СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/158354/

Қазір біз тәуелсіз елде өсіп -өніп , кең-байтақ жеріміздің топырағын емін еркін басып , келешекке үмітпен қарап жүрген бақытты ұрпақпыз. Осылай өмір сүруіміз үшін қаншама ата-бабаларымыз тер төккен.

Солардың ішінде, қазақтың «Үш бәйтерегі» атанып кеткен – Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин,Ілияс Жансүгіров секілді ұлы тұлғаларда бар .

Үш бәйтерегіміздің туғанына биыл 130 жыл толып отыр.Олардың бір-бірімен тығыз байланысты болғаны сонша , үш алып бәйтерегіміз бірдей 1894-1938 жылдар аралығында өмір сүрген. Бір уақытта дүниеге келседе, олардың ел үшін жасаған еңбектері алуан түрлі. Әр бәйтерегімізге жеке-жеке тоқталып өтейік .

Сәкен Сейфуллин (15 қазан 1894-25 ақпан 1938)- ақын және жалынды жазушы, қоғам мен мемлекет қайраткері,Қазақстан жазушылар одағының негізін қалаушы,қазақ кеңестік әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан тұлға.

1920-1930 жылдары кеңестік өмірді жырлаған проза жанры ерекше қарқын алып, іргелі туындылар жарық көре бастады .Мәселен, Сәкен Сейфуллиннің «Асау тұлпар» өлеңдер жинағы,«Бақыт жолында » ,«Қызыл сұңқарлар» пьесалары,«Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи мемуарлық романы ,«Альбатрос»,«Қызыл ат » кітаптары басылып шықты . Өз шығармаларында тарихи дәуір бейнесін көркем суреттеген еді.

Ілияс Жансүгіров (5 мамыр 1894- 26 ақпан 1938) – қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, ақын,драмашы, аудармашы .

1927-1937 жылдары әдебиеттің барлық жанрында өшпес әдеби мұра қалдырды. Ол поэзия,проза ,аударма және тағыда басқа жанрларда жиырмадан астам кітап жазған.Осыдан-ақ қаламгердің тілінің өткірлігін , көпқырлы дарын иесі екендігін байқауға болады. Оның «Дала» ,«Күй», «Күйші»,«Құлагер» поэмалары , «Жолдастар» романы, «Кек», «Түркісіб» , «Исатай-Махамбет» пьесалары қазақ әдебиетінің алтын қорынан ерекше орын алады.

Бейімбет Жармағамбетұлы Майлин (15 қараша 1894-26 ақпан 1938) – дарынды жазушы, ақын, драматург және қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі .

1923-1937 жылдарда елуге жуық кітап, жинақ жариялаған. Көркем әдебиеттің барлық саласында дерлік қалам тартып , болашақ ұрпаққа мол әдеби мұра қалдырды. «Раушан-коммунист», «Шұғаның белгісі», «Құлтай болыс», «Азамат Азаматович», «Гүлденсе ауыл - гүлденеміз бәріміз», «Кедей», «Бер, Мырқымбай қолыңды», «Азат әйел» және тағыда басқа шығармаларында Қазан революциясының алды, одан кейінгі кездердегі аласапыран оқиғаларға толы қазақ ауылдарының тұрмыс-тіршілігі өзіндік өрнек тапты .

Кеңес одағы осындай мықты тұлғаларды өз заманында «халық жауы» деп репрессияға ұшыратып, қазақ халқының жадынан мәңгілікке өшіргісі келді . Бірақ көріп отырғанымыздай біз оларды ешқашан ұмытқан емеспіз, әр жыл сайын еске алып, неше түрлі байқаулар өткізіп олардың ұмытылуна жол бермей келеміз .

Үш бәйтерегімізде еңбек жолында репрессияға ұшырап , ату жазасына кесілді. Қысқа ғұмырларын елдің болашағына арнаған үш алып , тарихта «жылымық» деп аталатын кезеңде ақталды .

Қорытындылай келе , Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Ілияс Жансүгіровтің қазақ әдебиетіндегі алатын орны ерекше .

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.